

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 6 мамырдағы № 3 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 11 мамырда № 7088 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 9 қазандағы № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің 09.10.2020 № 5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мұғалжар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 02-13-4/86 ұсынысы негізінде, Мұғалжар ауданының Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүйізді ірі қара малдары арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округінің Бұлақты ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Мұғалжар ауданының Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Мұғалжар ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімі

А. Андакулов

